

Жақында № 1 қалалық кітапхана-филиалында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Қазақстанның түрлі-түсті кітаптары» тақырыбындағы апталық қазақ және орыс тілдерінде өтті.

Қазақша кітаптармен танысты



- Мұндай апталықты өткізудегі басты мақсатымыз- Қазақша кітаптар оқуды

насихаттау, сондай-ақ әртүрлі жастағы оқырмандарды отандық баспалардан

шыққан және классиктер мен жас авторлардың шығармаларымен таныстыру, - дейді ұйымдастырушылар.

Апталық аясында кітапханаға саяхат, жаңа кітаптар әлеміне саяхат, әдеби кештер мен электронды сөзжұмбақ секілді басқа да іс-шаралар жүзеге асырылды. Сөйтіп, бір апта бойы қазақстандық авторлардың кітаптары қазақ және орыс тілдерінде насихатталды. Аталықтың ашылу салтанатына № 4 мектептің 8 сынып оқушылары қатысты оларға оқу залында ұйымдастырылған «Жаңа әдебиеттер» атты кітап көрмесіне туралы жан-жақты мәлімет берілді, оқушылар Ә.Ыбырайымұлы, Қ.Әлім, Ы.Үркімбаев, Ә.Нұрпейіс сияқты авторлардың шығармаларына көңіл бөлді.

Сонымен қатар № 4 мектептің 8 сынып оқушыларына Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына арналған «Ж. Жабаев суырып салма ақын» атты әдеби кеш өткізілді.

М. ҚАПЫШҚЫЗЫ,
кітапханашы